



**ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ
ЖҮЙЕСІ: ИДЕЯЛАР,
ТӘЖІРИБЕЛЕР, ІЗДЕНІСТЕР**

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

**СОВРЕМЕННАЯ СИСТЕМА
ОБРАЗОВАНИЯ:
ИДЕИ, ОПЫТ, ПОИСКИ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

2018

№ 50

Балалар: Сау болыңыз!
Тәрбиеші: Қандай керемет отбасы десенші «Күш - бірлікте» екен балалар.

ТАЖИЕВА ГУЛЧЕХРА ОРАЛКАНОВНА
Сайрам ауданы, №29 «Ай-Керим» балабақшасының тәрбиешісі

[Е] ДЫБЫСЫ МЕН ӘРПІ

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: [е] дыбысы мен әрпі

Мақсаты: [е] дыбысы және әрпімен таныстыру.

Балаларды қойылған сұрақтарға жүйелі жауап беруге дағдыландыру, түрлі ойындар, логикалық тапсырмалар арқылы балалардың ойлау қабілетін, тіл байлығын, танымын дамыта отырып, оқуға, жазуға қызығушылығын арттыру. Балалардың өз еліне, тіліне деген сүйіспеншіліктерін нығайтып, табандылыққа, зейінділікке тәрбиелеу.

Қажетті-құрал жабдықтар, көрнекіліктер: Әуенді кесте, кеспе әріптер, дыбыстық талдауға арналған қызыл, көк дөңгелектер, слайд, демонстрациялық материалдар, казак әліпбиі қалташасы, Фребель таяқшалары, аудио таспа, көлеңке театрының кейіпкерлері, тақырыпқа сай суреттер, жазу дәптері.

Әдіс – тәсілдер: ойға шабуыл, сұрақ-жауап, жұмбақ шешу, пән аралық байланыс, фонетикалық жаттығулар, көлеңке театрын сахналау, қорытындылау, мадақтау.

Билингвалды компоненттер: А.Алма-яблоко-apple, Т.Тауық-кураца-hen Н.Наан-хлеб-bread, О.От-огонь-fi ге С.Сағат-часы-clock, Ғарышкер-космонавт-cosmonaut, М.Мысық-кошка-cat, Б.Бала-мальчик-boy,

Мотивациялық-қозғаушылық кезеңі: Сәлемдесу:

Арайлап атқан таңға сәлем,

Жылуын шашқан күнге сәлем.

Жайнап өскен бізге сәлем,

Білім беріп тәрбиелеген апайларға сәлем!

Балаларды шаттық шеңберіне жинап ойын ойнайды.

«Ойлан, тап» дидактикалық ойыны

Мақсаты: балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, білімдерін анықтау.

Шарты: тәрбиеші қолына доп алып, шеңбердің ортасына тұрып әр бір балаға өткен тақырыптардан және де әртүрлі сұрақ қойып допты лақтырады бала жауап берумен қатар допты қайта тәрбиешіге лақтырады. (Солай жалғасады).

- **Тәрбиеші:** балалар сендерге ойын ұнадыма? (балалардың жауабы).

- Олай болса тағы бір ойын ойнайық.

«Сөз ойла, тез ойла!» дидактикалық ойыны

Мақсаты: өтілген әріптерді естеріне түсіріп, алынған сөздерді үш тілде аталуын есте сақтап қалуға ықпал жасау.

Шарты: балаларға өткен әріптер мен суреттер көрсетіледі, оларды 3 тілде атап беруі қажет:

А. Алма-яблоко-apple

Т. Тауық-курица-hen

Н. Нан-хлеб-bread

О. От-огонь-fire

С. Сағат-часы-clock

Ғ. Ғарышкер-космонавт-cosmanaut

Қ. Қарбыз-арбуз-watermelon

М. Мысық-кошка-cat

Б. Бала-мальчик-boy

Жарайсындар балалар!

Ал, балалар сендерге бір жұмбақ жасырайын.

Секіреді - бала емес,

Сақалы бар -шал емес. Ол не? (балалардың жауабы).

-Дұрыс таптындар, бұл жұмбақтың шешуі – ешкі.

Ұйымдастыру-іздігіру кезеңі:

«Ешкі» сөзін буынға бөліреді, қандай дыбыстан басталатыны сұралады

-[e] дыбысынан басталады.

-Бүгінгі тақырыбымыз [e] дыбысы мен әрпі.

Слайд көрсетіледі.

[e] дыбысын айтқызады, дауысты дыбыс екенін, жіңішке айтылатынын өздеріне анықтатады: (әуенді кесте арқылы түсіндіріп береді).

Е әрпімен таныстырады, неше таяқшадан тұратынын айтқызады. Қане кім әуенді кестенің тәртібін түсіндіріп береді. (бір бала тақтаға шығады), әуенді кесте жайлы мәлімет беріп, Е әрпін көрсетіп, буындарды оқиды.

-Тәрбиеші: Әліпбиді біліңдер,

Онда қалып, жүйе бар.

Біздің қазақ тілінде,

Қане, неше әріп бар?

-Ал қанша дыбыс бар?

-Нешеуі дауысты дыбыс, нешеуі дауыссыз дыбыс?

-Мына әліпби қалтасына назар салыңдар, мен Қазақ әліпбиін ретімен сан арқылы белгілеп шықтым, қане біз қарапайым математиканы қаншалықты білеміз, екі таңбалы санды білеміз бе? Сандар мен әріптерді оқытады. Ал енді әліпби қалтасынан пайдаланып есеп шешу арқылы сөз жазайық.

$8+6=ЕЛ$

$3+8+24=БЕС$

$25+21+23+8=ТӨРЕ$

$8+16+25+1+19+3+1=ЕЛТАҢБА$

Табылған сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды, тақпақтар айтады. Отырған балалар Е әрпін қатыстырып Фребель таяқшаларынан сөздер жазады, оқиды.

Балалар серуенге шыққыларың келе ме? Олай болса, табиғат аясына серуендеп бойымызды бір сергітіп алайық.

Сергіту сәті. «Дыбысын тап» дидактикалық ойыны

Мақсаты: қиялымен көз алдына елестету арқылы жануарлардың, жәндіктердің және түрлі құбылыстардың қимылын көрсете отырып, дыбыстарын дыбыстай алу.

Шарты: Қиялымызбен бізге кездескен жағдайлардың, жануарлар мен жәндіктердің қимылын көрсете отырып, дыбысын дыбыстаймыз.

Балалар табиғат аясында жүргенде өте мұқият болып, қауіпсіздік ережелерін сақтандар. Балалар кенеттен қатты жел соқты:

-У-у-у.

-Желдің әсерінен жапырақтар тербеліп, шулады;

-Ш-ш-ш.

-Ағаштардың арасында маса өте көп екен;

-З-з-з.

-Еларыстың соңынан ерген Ақтөс, әлденеге ырылдай бастады;

-Р-р-р.

-Ақтөске айбат шегіп тұрған, Әбжылан екен;

-С-с-с.

-Абайландар балалар! Емен ағашына қарай жүгіріңдер. Балалар Емен ағашында үлкен омарта бар екен, онда аралар өте көп:

-Ж-ж-ж.

-Аралар шағып алмасын балалар, жылдам балабақшамызға оралайық (балалар жүгіріп орындарына отырады).

-Балалар, біздің балабақшамыз қалай аталады? (балалардың жауабы). Толағайдың ерлігі туралы аңызды естігілерің келе ме?

Олай болса, аңыз ертегіні мұқият тыңдап, көлеңке театры арқылы балалардың орындауымен тамашаландар, сонмен бірге [е] дыбысынан басталатын сөздерді есте сақтап қалуға әрекет жасаңдар.

Ерлік туралы аңыз

Ел аузында ертеректен,

Ертек болған қызық көптен.

Бір әңгіме есімде бар,

Айтып соны баяндайын.

Ерінбейін аянбайын,

Тыңдау үшін кел балалар!

Бұдан 500 жылдай бұрын, сонау Ертістің жағасында Саржан деген мерген өмір сүріпті. Оның өте көрікті Айсұлу атты жұбайы болыпты. Олар өте мейірімді, адал, елге елеулі, қамқор жандар екен. Сондықтан да оларды бүкіл ел жақсыкөріпті. Күндердің күнінде Айсұлу мен Саржан перзентті болыпты. Ел ағасы балаға ырымдап азан шақырып ат қойыпты:

-Ата: -Батырдың жүрегін берсін,

Балуанның білегін берсін.

Батыр болсаң жауға найзаң тисін,

Бай болсаң елге пайдаң тисін.

-Есімің сенің – «Толағай» әумин.

Толағай сәт санап бойына ғаламат күш жинап, халқына мейірімді, жақсылық жасауға жаны күштар, ержігіт болып өсіпті.

Күндердің күнінде елде құрғақшылық басталыпты, халық сусыздықтан қатты қиналыпты, еш жаңбыр жаумапты, егін қурап, еткен еңбек желге ұшып, ем табалмай ел қатты күйзеліпті, күн санап елдің жағдайы нашарлай беріпті, мұны көрген Толағай қайтсем ел сусынын қандырам, қайтсем жауын жаудырам деп, анасына барып:

-Толағай: -Апа, айтыңызшы қай жерде жауын көп жауады? -деп сұрады.

Анасы: -

Сонау күн шығыс жақта, Тарбағатай өңірінде, төбесін көк тіреген таулар бар, онда жаңбыр көп жауатын көрінеді. -дейді.

-Толағай: -Апа, онда мен сол тауға барамын, қайтсем де елімді, жерімді құрғақшылықтан құтқарамын! -деп сапарға аттанады.

Анасы: -Жолың болсын балам!

Әкесі: -Жолың болсын балам!

Жол жүреді, жол жүреді, жол жүрседе мол жүреді, бір уақытта табиғаты өте сұлу Тарбағатай деген сулы жерге жетеді, әрі қарап бері қарап ең бұлыты мен бұлағы көп, орманы